

Аққұдық орта мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттама №1

14.01.2022

Қатысты:

- 1 – 10 класс оқушыларынан ата – аналары, мұғалімдер, кеңес мүшелері

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Муздакова
Қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуі
Қамқоршылық кеңес төрағасы А.С.Иманкулов
Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру
Мектеп медбикесі Г.Н.Құлнияз

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу мәселесі бойынша мектеп инспекторы Сыдық А сөйледі. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың қазіргі таңда белең алуда. Осы оқу жылының өзінде жалпы қала бойынша бірнеше құқықбұзушылық істері тіркелді. Сол себептен сіздерге, ата – аналарға үнемі жиналыс сайын бұл мәселені қалдырмай айтып, ескертіп отырамын. Төмендегідей ескертулерді қатаң түрде ұстауларыңызды сұраймын:

- Түнгі мезгілде, сағат 20/00 – ден кейін көшеде жүрмеу; негізгі заңдық уақыты 22/00. Біз уақытын ерте уақытқа белгілеп отырмыз. Өйткені қазіргі қысқы уақытта қараңғылық тез түседі.
- Суық, үшкір басты қарулар ұстамау;
- Топтық, ұйымдасқан, жиналған жергенге бармау;
- Сабақтан кешікпеу, себепсіз қалмау;
- Ұялы телефон ұстамау;

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.С.Иманкулов мектепшілік қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуімен таныстырды. – қайырлы күн құрметті ата – аналар, ұстаздар! Биылғы келіп жеткен жаңа жылымыз құтты болсын! Жаңа жыл табысты, берекелі, тыныштық жылы болсын! Мен А.С.Иманкулов. 2021 – 2022 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып сайландым. Қамқоршылық кеңесі құрамында 9 мүше бар. 2 зейнеткер, 4 ата – ана. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоспар құрылды. Есеп шот болашақта ашылады. Ашылған есепшотқа мектеп ата – аналары демеушілік көрсетеді. Кеңес өз жұмысын екінші жарты жылдықта да әрі қарай жалғастырады. Айтар ұсыныстарыңыз болса.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Н.Құлнияз сөйледі. Мектеп жасындағы балалардың тамақтануында әр мәселенің маңызы бар, себебі, балалық шақта адамның ақыл-ойы мен денесінің бүкіл өмірлік қорының іргесі қалыптасады, ал тағам – бұл үшін қажетті қуат пен заттектердің алынатын жалғыз қайнар көзі. Ұрпағымыздың сау, ақылды және белсенді болып өсуіне көмектесу мақсатында оқушының жасына байланысты физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын дұрыс тамақтануды қалай ұйымдастыруға болады? Баланың жасының әр кезеңі алдыңғысынан өсу қарқыны және физиологиялық жүйелердің жетілуімен, өсу үстіндегі организмнің тіндері мен ағзаларында өтетін өзгерістердің сапасымен ерекшеленеді. Сондықтан, баланың жасының әр кезеңіндегі тамақтануы айрықша талаптармен сипатталады, осы талаптарды ескеру арқылы баланың ақыл-ойы мен денесінің қалыпты дамуына, өмірлік әлеуетін арттыруға ықпал етуге

болады. Мектеп жасында қарқынды өсу, қаңқа мен бұлшық еттің ұлғаюы байқалады, жасөспірімдердің жыныстық жетілуіне байланысты қарқынды гормондық қайта құрулар, барлық жүйелер мен ағзаларда сапалық өзгерістер орын алады. Осы үрдістердің барлығының дұрыс өтуі үшін қуаттың, қоректік заттардың мол мөлшерінің шығындалуы қажет болады, олардың бір бөлігі (негізінен, ақуыздар) баланың өсу үстіндегі организмде құрылыс материалы ролін атқарады. Сондықтан, оқушының тамақтану рационының қоректік құндылығы жоғары болуы тиіс, яғни, қажетті пайдалы заттарға бай сапалы салауатты өнімдерден құралуы қажет. Рационда «бос калориялы» және зиянды химиялық қоспалары бар өнімдер болмауы тиіс. Бала денсаулығының негізінің мықты болуы оның тамақтануына байланысты, балалық шақта қаланған денсаулықтың іргесі адамның бүкіл кейінгі өмірінің сапасына әсер етеді. Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты – бала организмнің ауруларға жоғары тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін міндетті шарттар. Заманауи жағдайда оқу және басқа жүктемелердің түрлері (үйірмелердегі қосымша сабақтар, т.б.) артуына байланысты мектеп жасындағы тамақтанудың ролі артауда. Баланың күнделікті тамақтануы өсу үстіндегі организмнің қажетті қоректік заттарға және қуатқа қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруы және күні бойы жұмсайтын күштерін толығымен қалпына келтіруі тиіс. Осыған байланысты мектеп оқушысына арналған негізгі салауатты тамақтану ұстанымдары туралы білу аса маңызды.

1. **Ата – ана** – мектеп ұжымына алғысым шексіз. Бұл мұғалімдердің еңбегі көп, зор десем де болады. 3 немерем оқиды. Айтылған алғашқы мәселе бойынша педагогтар мәртебесін көтеру жобасын қолдаймын. Мұғалімдер барлық жәрдемге лайықты.
2. **Ата – ана** – менің балаларым осы мектептің 2, 5 кластарында оқиды. Мұғалімдерге бар асыл сөз лайықты. Заң жобасындағы ұсыныстарды қолдаймын. Алдағы уақытта күшіне енеді деп сенемін. Сондай – ақ құқық бұзушылық, дұрыс тамақтану мәселелері де біздің балаларымыздың болашағы үшін маңызды деп білемін. Олардың болашағы өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына байланысты. Сондықтан айтылған ескертулер мен ақпараттардың барлығы қазіргі күнде барлығымыз үшін маңызды

ҚАУЛЫ:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында ата – аналар мен мұғалімдер ұйымшылдықта жұмыстансын, бала тәртібін қадағалау қатаң жүргізілсін;
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылып, әрі қарай жұмыс жүргізу жандандырылсын;
3. Оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру үшін бақылау жүйелі жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  А.С.Иманкулов
Хатшы  А.Е.Акниязова